



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 3 қыркүйек

### 2018 жылғы 25 тамыздан 31 тамыз аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

2018 жылғы 31 тамыздағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 1,1%-ға әлсіреп (359,64-тен), 363,43 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 25 тамыздан 31 тамыз аралығында маңызды оқиғалар АҚШ Президенті Д.Трампың қытай тауарларына қосымша баждар енгізу мүмкіндігіне және АҚШ-тың Бүкіләлемдік Сауда Ұйымынан шығу мүмкіндігіне қатысты мәлімдемесі, Мексикамен келісімге қол жеткізуге қарамастан, АҚШ пен Канада арасындағы сауда-саттық қатынастар мәселелері бойынша уағдаластықтың жоқтығы, ЕО-ның АҚШ-пен бажсыз сауда-саттық қатынастар туралы келісімге қол қою ұсынысы, АҚШ-тағы ІЖӨ-нің өсуі бойынша және Еуроаймақтағы тұтыну бағасы индексінің өсуі бойынша экономикалық деректерді жария ету болды. Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының әлемдік нарықтарда біршама құбылмалығына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Түрік лирасы** инвесторлардың Түркияның Орталық банкі валюта бағамын қолдау және өсіп бара жатқан инфляцияны тежеу үшін қабылдап жатқан шараларының жеткіліксіздігі туралы қобалжуы аясында 8,8%-ға (6,01-ден 6,54-ке дейін) әлсіреді. Сондай-ақ Рейтерс агенттігі Түркияның Орталық банкінің төрағасы орынбасарының және Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің мүшесі Э.Килимчидің отставкаға кетуінің ықтималдығы туралы ақпарат жариялады. Бейсенбіде валюта бағамын тұрақтандыру үшін ұлттық валютамен депозиттерден кірістерге салықтық жеңілдіктер енгізілді және шетелдік валютамен депозиттер бойынша талаптар қатайтылды.

- **Оңтүстік Африка рэнді** әлемдегі сауда –саттық қатынастардың нашарлауы салдарынан инвесторлардың төзімділік тәуекелінің және кейбір дамушы елдердің экономикалық тұрақтылығының төмендеуі аясында 3,1%-ға (14,25-тен 14,69-ға дейін) әлсіреді;

---

<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

• **Үндістан рупиясы** болжам 7,6% болғанда ІЖӨ-нің 8,2%-ға өсуі бойынша жарияланған деректерге қарамастан, 1,6%-ға (69,91-ден 71,00-ге дейін) әлсіреді. Үндістан АҚШ баж салығын салған Қытай тауарларына айырбас түрінде Қытайға экспорттай алатын тауарлардың тізімін қарастырады;

• **Мексика песосы** 1,0% -ға (18,91-ден 19,09-ға дейін) әлсіреді;



• **Ресей рублі** 0,7%-ға (67,03-тен 67,47-ге дейін) әлсіреді;

• **Индонезия рупиясы** 0,4%-ға (14 649-дан 14 710-ға дейін) әлсіреді. Валюта бағамының одан әрі әлсіреуінің алдын алу үшін Индонезияның Орталық банкі валюта нарығында өктемдіктер жүргізді.

• **Бразилия реалы** орталық банк жүргізген өктемдіктер аясында 1,0%-ға (4,10-нан 4,06-ға дейін) нығайды. Сондай-ақ, валютаның нығаюына қазан айында өтетін президенттік сайлауға бұрынғы президент Луис Лула да Силваның сайлауға түсуіне тыйым салу туралы сайлау сотының шешімі әсер етті.



**Дамушы елдердің валюталарының серпіні  
(2018 жылғы 17 тамыз=100, индекстің өсуі –валютаның нығаюы)**



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына алады:  
 +7 (727) 2704 585  
 e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)